

Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2011 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі N 205 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 мамырда N 5-2-144 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 187 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2012.02.24 № 187 (жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5 бабының 2 тармағына және 7 бабының 2, 6 тармақтарына, 18-1 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатын іске асыру және жұмыспен қамту саласында қосымша мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында

Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Семей өңірі аумағында тұратын нысаналы топтар белгіленсін, оларға **нысаналар** :

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;

- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
10) о р а л м а н д а р ;
11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
б і т і р у ш і л е р ;
12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке
тұлға қызметінің тоқтауына, қызметкерлер санының немесе штатының
қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
13) есірткіге тәуелді және АҚТҚ-инфекциясын жұқтырған азаматтар;
14) 50 жастан асқан адамдар;
15) мектептер мен кәсіптік оқу орындарының түлектері;
16) бір де жұмыс істеушісі жоқ жанұялардың тұлғалары;
17) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін адамдар жатады.

2. «Халықтың нысаналы топтарын анықтау және 2010 жылы оларды жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылғы 26 наурызда № 5-2-124 болып тіркелген, «Семей таңы» газетінде 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 13, «Вести Семей» газетінде 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 13 жарияланған) 2010 жылғы 15 ақпандағы № 114 қаулының күші жойылған деп танылсын.

3. Қаулының атқарылуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Ж. Мүсәпірбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Семей қаласы әкімінің
міндетін атқарушы С. Оразалиев*